



**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БӨ» АҚ  
КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП КОДЕКСІ**

**Астана 2012**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы Кодекс Компанияның корпоративтік мәдениетті дамыту жөніндегі негізгі құжаты бола отырып, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған негізгі құндылықтарды, өзін-өзі ұстаудың тәртібі мен жосықтарын айқындайды.
- 1.2 «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ (бұдан әрі - Компания) өзінің 2020 Стратегиясымен Компанияның стратегиялық мақсаттарының негізгі жетістіктері Компанияның мынадай негізгі құндылықтарында:
- Іскерлік қауымдастық тарапынан Компанияға деген сенімде;
  - Компанияның рыноктың ашық және адал қатысушысы ретіндегі беделінде;
  - Компания акционерлерінің, Қызметкерлері мен іскер әріптестерінің құқықтары мен мүдделерінде жатқандығын растайды.
- 1.3 Компанияның стратегиялық мақсаттарына Компания деректерінің құндылығы негізінде, сондай-ақ, егер әрбір Қызметкер мен Лауазымды тұлға өзінің күнделікті жұмысында Компанияның бизнесін жүргізудің жалпы қағидаларын басшылыққа алатын және осы Корпоративтік әдеп кодексінде (бұдан әрі - Кодекс) белгіленген өзін-өзі ұстаудың тәртіптері мен стандарттарын сақтайтын болса, қол жеткізуге болады.
- Компанияның бизнесін жүргіумен байланысты қарым-қатынастар Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 1.4 Әрбір Қызметкер мен Лауазымды тұлға өзінің лауазымдық өкілеттігін орындай отырып, осы Кодекстің ережелерін басшылыққа алуы қажет және тек осылай ғана әр Қызметкер мен Лауазымды тұлға корпоративтік мәдениетті дамытуға және Компанияның өзінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуіне үлес қоса алады.
- 1.5 Осы Кодексті қабылдау барлық Қызметкер мен Лауазымды тұлғалар өздерінің қызметінде осы Кодексте баяндалған және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, Компанияның корпоративтік мәдениетін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған өздерінің қызметін жүргізудің ережелерімен және стандарттарымен қоса Кодекстің 9.2-тармағын сақтауға келісетіндігін білдіреді.
- 1.6 Кодексте оларды сақтамау Компанияның Қызметкерінің немесе Лауазымды тұлғаларының тәртіптік, әкімшіліктік және/немесе қылмыстық жауаптылығына әкеп соқтыруы мүмкін болатын өзін-өзі ұстаудың ережелері мен стандарттары баяндалған.
- 1.7 Кодекспен белгіленген өзін-өзі ұстаудың ережелері мен стандарттарын бұзу Компанияның іскерлік беделін жоғалтуын және Компанияға айтарлықтай айыппұлдар салынуын қоса алғанда Компанияға зиян келтіруі мүмкін.
- 1.8 Кодекс Компанияның корпоративтік мәдениетін дамыту жөніндегі саясатының пәрменді құралы болып табылуы үшін Кодексте оның ережелерінің бұзылуын бақылау жүйесі белгіленген.

## **2. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ**

- 2.1 Компанияның әрбір Қызметкерінің:
- қауіпсіздік пен еңбек қорғауға;
  - өзінің Компанияның алдындағы сіңірген еңбектерінің танылуы мен бағалануына;
  - өзінің қабілеттерінің жан-жақты дамуы мен Компанияның ішінде кәсіби өсуі үшін қолдау алуға;
  - өз жұмысының сапасы мен тиімділігін ашық та конструктивті талқылауды жүргізуге;
  - еңбек заңнамасы мен ұжымдық және еңбек шарттарына сәйкес өзге де құқықтарға құқы бар.
- 2.2 Компания Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбегін қорғау үшін барлық шараларды қабылдауға ұмтылады. Өз кезегінде, барлық Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар Компанияның денсаулықты, еңбекті, қоршаған ортаны, қауіпсіздікті және әлеуметтік жауаптылықты сақтау саласындағы талаптарын сақтауға және өзінің лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде қауіпсіздік пен еңбек қорғау жөніндегі нормалардың, ережелердің және нұсқаулықтардың талаптары сақталуы үшін жеке жауаптылықта болуға міндетті.
- 2.3 Компания ұлттық, нәсілдік, діни, жыныстық, жас мөлшерлік, саяси және өзге де нышандар бойынша кемсітуге жол бермейді. Осыған байланысты, Қызметкерлерді жалдауға, бағалауға, жоғарлатуға, оқытуға, одан әрі дамытуға, сыйақылар беруге және жұмыстан босатуға қатысты барлық шешімдер олардың біліктілігі, сіңірген еңбектері, жұмыстарының нәтижелері туралы деректердің негізінде ғана қабылдануы қажет. Компания біліктілік деңгейіне, орындалатын жұмыстардың күрделілігі мен сапасына, Қызметкердің қызметінің тиімділігін бағалаудың нәтижелеріне қарай еңбегі үшін сыйақы төлеуді жүзеге асырады.
- 2.4 Компания өз бетінше білімін көтеруге және кәсіби дамуға ұмтылған Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін тең жағдай жасауға мүдделі. Ол үшін Компанияда Қызметкерлерді оқыту мен кәсіби дамытудың дербес бағдарламасы әзірленуде.
- 2.5 Осы Кодекстің, еңбек және ұжымдық шарттардың, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, лауазымдық нұсқаулықтардың және Компанияның өзге де ішкі құжаттарының әрекеті Компанияның барлық Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларына қолданылады.

## **3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС**

- 3.1 Осы Кодекстің мақсаттары үшін сыбайлас жемқорлық ретінде, Компанияның қызметіне қатысты шешімдер қабылдауы ықпал ету мақсатында жеке өзі немесе бітістіруші арқылы кез келген мүліктік игіліктерді немесе басымдықтарды және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңмен көзделмеген тікелей немесе жанама ұсыну, беру/сатып алу, қабылдау ұғылады.
- 3.2 Сыбайлас жемқорлық Компанияның және тұтастай алғанда бүкіл қоғамның тұрақты дамуы мен корпоративтік қауіпсіздігіне қауіп төндіреді, Компания қабылдаған салауатты бәсекелестік қағидаларын бұзады және оның беделіне айтарлықтай нұқсан

келтіруі мүмкін. Осыған байланысты, Компания Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың тарапынан да, Мүдделі тұлғалардың тарапынан да сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге өте-мөте төзбеушілікпен қарайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша барлық қажетті шараларды қолданады.

- 3.3 Компанияның Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары жасаған сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер Қазақстан Республикасының аумағында да, шетелдік юрисдикцияларда да көрсетілген тұлғалардың ақшадай айыппұлдар салу және/немесе бас бостандығынан айыру және/немесе өзге де санкциялар түріндегі жауаптылығына әкеп соқтырады.
- 3.4 Қызметкер мен оның бастығына сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру жөнінде тікелей міндет жүктеледі. Қызметкерлердің бірі қандай да болмасын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтармен ұсталған жағдайда, Қызметкердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы фактісі оның тікелей бастығына мәлім болмаған және мәлім болуы мүмкін емес болған жағдайларды қоспағанда бұл Қызметкердің әрекеті үшін оның өзінен басқа оның тікелей бастығы да жауаптылықта болады.
- 3.5 Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру жөніндегі шаралар ретінде өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы өзінің бастығының және/немесе Комплаенс жөніндегі бақылаушының назарына жеткізуі қажет. Бұндай жағдайларда мұндай Қызметкерлерге жұмыс орнын сақтауды қоса алғанда құпиялық және құқықтары мен мүдделерін негізсіз шектеуден қорғау кепілдігі беріледі.
- 3.6 Компания Мүдделі тұлғалардан заңмен белгіленген тәртіппен осы Кодекстің нормаларын сақтауды талап етеді.

#### **4. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БОЛДЫРМАУ**

- 4.1 Мүдделер қақтығысы егер Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның Компаниядан тысқары жердегі жеке дара өзара қарым-қатынасы немесе олардың басқа компаниямен байланысты мүддесі Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның шешім қабылдауына ықпал ететін жағдайда туындауы мүмкін.
- 4.2 Мүдделер қақтығысына жол бермеу акционерлердің, Қызметкерлердің, Лауазымды тұлғалардың және Компанияның мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін маңызды жағдай болып табылады. Компанияның барлық Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары ашық, уақытылы және барабар шешім қабылдауға тырысады және мұндай шешім мүдделер қақтығысынан азат болуы тиіс.
- 4.3 Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында:
  - ықтимал түрде мүдделер қақтығысын немесе мұндай қақтығыс елесін шақыруы мүмкін болатын қандай да болмасын әрекеттен және өзара қарым-қатынастан өзін аулақ ұстауы;
  - отбасы мүшелері басқаратын немесе оларға немесе өзге де Байланысты тұлғаларға тиесілі заңды тұлғаларға қандай да болмасын артықшылық бермеуі;
  - Компаниямен байланысты мәмлелердегі, шарттардағы, жобалардағы кез-келген коммерциялық немесе өзгедей мүдделілік (тікелей немесе жанама түрдегі) туралы, басқа ұйымдарда жұмыстар орындауы және/немесе лауазымдар атқаруы

туралы, Кодекске сәйкес тұрақты (негізгі) жұмыс орнын (қызметін, кәсіпкерлік қызметін және с.с.) өзгерткені туралы жоғары тұрған басшыға немесе Комплаенс жөніндегі бақылаушыға уақытылы хабарлауы;

- Компаниялар Тобына кірмейтін сыртқары ұйымға жұмысқа тұруғы немесе директорлар кеңесінің/бақылау кеңесінің мүшесі лауазымын атқаруға өзінің келісімін бермес бұрын уақытылы хабардар етуге, құзыретіне қарай Компанияның директорлар кеңесінен/басқармасынан белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат алуы;
- оны шешуде мүдделілігі бар мәселелер бойынша талқылауға және/немесе дауыс беруге қатыспауы қажет.

## **5. СЫРТҚЫ ОРТАМЕН ЖӘНЕ ІШКІ КОММУНИКАЦИЯМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

- 5.1 Компания бұл ретте бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді, оларды соттық қорғауды және шарттардың талаптарына сәйкес өзіне қабылдаған міндеттемелер үшін толық жауапкершілікті қамтамасыз ете отырып іскер әріптестерімен заңдылық, адалдық, тиімділік және қатысушылардың тепе-теңдігі, сондай-ақ өзара пайда, шарт еркіндігі мен кімнің болмасын жеке істерге өзбетінше араласуына жол бермеу ұстанымдарында өзара іс-әрекеттер жүргізеді.
- 5.2 Компания тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді ұсынушыны таңдауды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасы мен Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес және әлеуетті ұсынушылардың арасындағы адал бәсекелестік жағдайында сапалы тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаларды оңтайлы да тиімді жұмсау жағдайында ашық негізде жүзеге асыруға ұмтылады.
- 5.3 Компания жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты жоғары этикалық стандарттардың сақталуын қадағалап отырады. Компания жұртшылық алдында сөз сөйлеуде, баспасөз-релиздерде жұртшылықпен байланыстар жөніндегі басқа да іс-шараларда анық емес ақпараттардың таралуына, фактілерді жасырып қалуға және/немесе бұрмалауға жол бермейді.
- 5.4 Компания тікелей немесе жанама түрде Компанияға қатысты, Компанияның ақпараттарды ашу саясатына сәйкес Компанияның бағалы қағаздарының нарықтық бағасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болатын нақты сипаттағы кез келген ақпаратты ашады.
- 5.5 Компанияның Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары өздерінің күнделікті жұмысында қарым-қатынастың және ақпараттар берудің іскер және сыпайы стилін пайдалануы қажет. Ішкі коммуникациялардың мұндай ережесі Компанияның іс қағаздарын жүргізу туралы Регламенті мен Нұсқаулығында баяндалған.

## **6. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ КОМПАНИЯНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫМЕН МӘМЛЕЛЕР ЖАСАУЫ**

- 6.1 Оны ашу Компанияның бағалы қағаздарының нарықтық бағасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін, тікелей немесе жанама түрде Компанияға қатысты ақпараттарға рұқсаты бар Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар Компанияның бағалы қағаздарымен мәмлелер жөніндегі саясатта көрсетілген шектеулерді ескере отырып Компанияның бағалы қағаздарымен мәмлелер жасай алады.

## **7. АҚПАРАТТАР МЕН АКТИВТЕРДІ ҚОРҒАУ**

- 7.1 Өзіне ақшаларды, бағалы қағаздарды, заттарды, мүліктік құқықтарды және өзге де мүлікті, оның ішінде ғимаратты, жабдықтарды, капиталды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, ноу-хауды, деректерді, патенттерді және интеллектуальдық меншік объектілеріне арналған өзге де құқықтарды қамтый алатын кез келген қаржылық, материалдық, материалдық емес және басқа да активтер Компанияның активтері болып танылады.
- 7.2 Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар Компанияның активтеріне құнтты қарауға және Компанияның құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан, сондай-ақ заңсыз әрекеттердің және сенім мен өкілеттікті асыра пайдаланудан, ұрлаудан, иемденуден немесе жоюдан және өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау бойынша барлық мүмкін болатын күш-жігерді жұмсауға міндетті.
- 7.3 Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалар Қызметтік және коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қызметтік, коммерциялық немесе өзге де қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттардың құпиялығын сақтау үшін жауаптылықта болады.
- 7.4 Ақпараттардың құпиялығын сақтау ережесінің бұзылғаны немесе жүйелер мен қондырғылардың қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы мәліметтер алған кезде қызметкер аталған факті туралы тікелей немесе жоғары тұрған басшыға және/немесе Комплаенс жөніндегі бақылаушыға хабарлауы қажет.

## **8. КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫСЫ**

- 8.1 Компания қаржылық істерді адалдық пен анықтыққа негізделе отырып, заңның нормалары мен жоғары кәсіби стандарттарды басшылыққа ала отырып жүргізеді.

## **9. БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫ**

- 9.1 Осы Корпоративтік әдеп кодексінің сақталуын бақылауды Компанияның директорлар кеңесі жүзеге асырады.
- 9.2 Компания Компанияның барлық Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары Кодекстің ережелерін білуіне және сақтауына ұмтылатын болады. Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың Кодекстің ережелерімен келісуі олардың Кодекстің ережелерін алғандығы және түсінгені туралы тиісті растауға қол қоюымен білдіріледі. Қызметкер немесе Лауазымды тұлға Кодекстің ережелерін алғандығы және түсінетіндігі туралы растауда Қызметкер немесе Лауазымды тұлға Кодекстің қай ережесімен келіспейтіндігін көрсете алады.
- 9.3 Егер Қызметкерде осы Кодекстің ережелерін сақтауға қатысты қандай да бір сауалдар немесе күмәндар пайда болған жағдайда ол өзінің тікелей немесе жоғары тұрған бастығына немесе Комплаенс жөніндегі бақылаушыға жүгіне алады.
- 9.4 Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың осы Кодекстің ережелерінің бұзылуы фактілеріне қатысты өздерінің сенімдерін еркін білдіруге құқы бар.

- 9.5 Компанияның Қызметкерлері өздеріне мәлім болған Кодекстің бұзылуы жағдайлары туралы өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына немесе Комплаенс жөніндегі бақылаушыға хабарлауға міндетті. Мүдделі тұлғалар мен Компанияның іскер әріптестері де өздеріне мәлім болған Кодекстің бұзылу жағдайлары туралы Комплаенс жөніндегі бақылаушыға хабарлай алады.
- 9.6 Комплаенс жөніндегі бақылаушы Кодекстің ережелерінің бұзылуы фактісі бойынша хабарласқан Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның жасырындығын қамтамасыз етуге міндетті (жасырын қалуды қалаған жағдайда).
- 9.7 Компанияның Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары Кодекстің талаптарын бұзған жағдайда, аталған мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің қарауына жолдануы мүмкін.

## **10. КОДЕКСТІ ЖАҚСARTY**

- 10.1 Компания Кодексті ашық талқылауға дайын Қызметкерлерді құптайды және оны жетілдіру жөніндегі кез келген конструктивтік ұсыныстарға оң қарайды.
- 10.2 Компанияның Директорлар кеңесі жетілдіруді өзектілендіру мақсатында 2 жылда бір рет осы Кодекстің талаптарын қайта қарайды, олар іс жүзінде қандай шамада іске асырылатындығын талдайды, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ұсыныстары мен ұсынымдарын ескере отырып, оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

## **11. КОДЕКСТЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР**

**Лауазымды тұлғалар** – Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі мен Басқармасының мүшесі;

**Мүдделі тұлға** – Компанияның заңнамасымен және Жарғысымен көзделген құқықтарын іске асыру Компанияның қызметімен байланысты адам;

**Кодекс** – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының іскерлік әдеп кодексі;

**Компания** – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы.

**Комплаенс жөніндегі бақылаушы** – ерекше құзыретіне Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен оның лауазымдық нұсқаулығына сәйкес, комплаенс жөніндегі қызметті үйлестіру үшін жауаптылық кіретін қызметкер.

**Мүдделер қақтығысы** – Компания Қызметкерінің немесе Лауазымды тұлғасының жеке мүддесі олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін қалтқысыз орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болатын жағдай;

**Қызметкер** – Компаниямен еңбек қатынастарында тұратын және тікелей еңбек шарты бойынша жұмыс атқаратын адам.

**Байланысты тұлғалар:**

- жұбайын/зайыбын, азаматтық серігін, адамның асырап алған 18 жасқа толмаған (кәмелетке толған) ұлын (қызы), басқару функцияларын жүзеге асыратын адамды (БФЖА);
- БФЖА «байланыс орнатқан» ұйымды (яғни, (i) БФЖА немесе оның кез келген Байланысты тұлғасы оның директоры, лауазымдық тұлғасы немесе осы ұйымның болашақ дамуына және бизнес-болашағына ықпал ететін басқарулық шешімдер қабылдауға құқы бар өзге де адамы болып табылатын; немесе (ii) БФЖА және оның Байланысты тұлғасы оны бірге бақылайтын немесе жалпы жиналыста 20%-дан астам дауысты (өз жеке акцияларымен қамтамасыз етілген дауыстардан басқа) пайдалануға, не жарғылық акционерлік капиталға кіретін акциялардың (өз жеке акцияларын есептегенде) кем дегенде 20%-на (номиналдық түрде) мүдделілігі бар ұйымды);
- сенімді басқарушыны (олардың бенефициарларына немесе ықтимал бенефициарларына БФЖА және оның Байланысты тұлғалары кіретін қызметкерлерінің арасында акцияларды бөлу бағдарламаларын (опциондық бағдарламалар немесе зейнеткерлік схемалар) есептегенде);
- БФЖА-ның іскерлік әріптесін, не БФЖА Байланысты тұлғасының қандай да бір әріптесін;
- БФЖА-мен байланысты, мәміле жасалатын күнгі жағдай бойынша кем дегенде 12 ай бойы БФЖА-мен ортақ үй шаруашылығын жүргізген кез келген тұлғаны білдіреді.

**Басқарулық функцияларды жүзеге асыратын адамдарға (БФЖА)** – Директорларды, Басқарма мүшелерін және Компанияның Елеулі және/немесе Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге рұқсаты бар кез келген басқа да адамын қоса алғанда басқарулық, ұйымдастырулық-өкім берушілік (ұжымды жалпы басқару, кадрларды бөлу және іріктеу, бағынысты қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру және бақылау, көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданумен сипатталатын тәртіпті сақтау) немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды (толық материалдық жауаптылық, мүлікті, оның ішінде ұйымның балансында және банктік шоттарында тұрған ақша қаражатын басқару және иелену жөніндегі берілген өкілдіктің шеңберіндегі қызмет) уақытша, тұрақты немесе арнайы өкілеттік бойынша атқаратын адамдар, сондай-ақ Компанияның Бағалы қағаздармен мәмілелер жөніндегі саясатының 6.1.1-тармағында көрсетілген тізбеге енгізілген кез келген басқа да адамдар жатады.



Келісу парағы

Аты-жөні	Виза / Күні	Лауазымы
Фрейзер Б.		Қаржылық директор- қаржылық бақылаушы
Мирошников В.Я.		Бас директордың жаңадан құрылған кәсіпорындарды басқару жөніндегі орынбасары
Нұрсейітов А.А.		Бас директордың жаңадан өндіріс жөніндегі орынбасары
Өтеғалиев Б.С.		Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары
Сәулебай М.О.		Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор
Баймұханбетов С.Ғ.		Техника қауіпсіздігі, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор
Абдулғафаров Д.Е.		Бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор
Хасанов Д.К.		БК-дегі үлестерді басқару жөніндегі басқарушы директор
Сәлімов Э.Р.		Логистика және келісімшарттар жөніндегі басқарушы директор
Ізмұханов К.А.		Өндіріс жөніндегі басқарушы директор
Мұстафаев М.К.		Бас геолог
Серіков М.Б.		Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор
Қарсақбаев Р.Ө.		Ақпараттық технологиялар жөніндегі басқарушы директор
Котлов И.А.		Ішкі аудит қызметінің басшысы
Қасенов А.С.		Корпоративтік хатшы